



**ШЕШІМ**

Алға қаласы

« 10 » маусым 2022 ж.

№ 29

**РЕШЕНИЕ**

город Алга

Алға қаласы

Алға аудандық мәслихат хатшысының

**Ш Е Ш І М І**

**«Аудандық мәслихаттың кезекті жиырма бірінші сессиясын шақыру туралы»**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Заңының 10 - бабының 2 – тармағына сәйкес **ШЕШТІ** :

Аудандық мәслихаттың кезекті жиырма бірінші сессиясы 2022 жылдың 22 маусымына сағат 10 -00-ге шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

1. Алға ауданында білім беруді дамыту бағдарламасының орындалуы туралы.

Баяндамашы: Ж.Утепбергенова – Облыстық білім басқармасының Алға аудандық білім бөлімінің басшысы.

2. Бестамақ және Маржанбұлақ ауылдық округ әкімдерінің атқарған жұмыстары жөніндегі есебі.

Ақпарат жасаушылар: Қ.Дәулеталин – Бестамақ ауылдық округінің әкімі

М.Еламан - Маржанбұлақ ауылдық округінің әкімі.

3. Алға қаласының және 12 ауылдық (Ақай, Бесқоспа, Бестамақ, Қарабұлақ, Қарағаш, Қарақұдық, Қарақобда, Маржанбұлақ, Сарықобда, Тамды, Тоқмансай, Үшқұдық) округтерінің «2022 – 2024 жылдарға арналған бюджеттерін бекіту туралы» шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы.

Ақпарат жасаушылар: Алға қаласы және ауылдық округтердің әкімдері.

**Аудандық мәслихат  
хатшысы**

**М.Түлеуов**